

24 августа ТАРТУ қаласының оңтүстік-батыс және оңтүстік жағында әскерлеріміз 30 елді жерді, оның ішінде ТЫРВАНДИ (ТАРТУДЫҢ оңтүстік жағында 3 километр жерде), ЛЭММАТСИ, СОСИЛА, НЬО, КАНИ, ПЯИДЛА, КАСТОЛАТСИ қыстақтары мен РОПКА темір жол станциясын ұрыспен алды.

ИЕЛГАВА (МИТАВА) қаласының оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның жаяу әскерлері мен танктерінің ірі күштерінің атактарын тойтарды.

ЛОМЖА қаласының оңтүстік жағында әскерлеріміз ұрыспен алға басып, 27 елді жерді, оның ішінде БАЧЕ МОКРЕ, РАТОВО СТАРЕ, СНЯДОВО, БРУЛИН, КАЧИНЕК, КОСКУВО, ГЛЕМБОЧ ВЕЛЬКИ, ЖОНСНИК, ЯРТУЗЫ, ПОДБЕЛЬЕ, ПРОСЕНИЦА, ЖОХОВО қыстақтары мен СКЯДОВО темір жол станциясын алды.

ПРАГАНЫҢ шығыс және солтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз дұшпанның жаяу әскерлері мен танктерінің атактарын ойдағыдай тойтарды.

2-УКРАИН майданының әскерлері танк құрамаларының, атты және жаяу әскерлердің қауырға шабуыл жасауы нәтижесінде ЯСЫНЫҢ оңтүстік жағында дұшпанның әскер тобын талқандап, 24 августа дұшпанның қорғану шебінің стратегиялық маңызы бар тіректі бекіністері— РОМАН, БАКЭУ, БЫРЛАД, ХУШИ қалаларын алды, сол сияқты, 300ден аса елді жерді, оның ішінде ТЫРГУ-ҚАМУ қаласын, Молдавия КСР-нің КАЛАРАШ аудан орталығын, МУНЧЕЛЬ, САБОЛНА, ДУЛЧЕШТЬ, ТРИ-ФЕШТЬ, КЫРЛИЖИ, ВАЛЯ МАТЕИ, ЖАБРАМЕШТИ, ГЕРГЕШТИ, ПУЕШТИ, КОСТЕШТИ, АЛЖЕШТИ, ОЛТЕНЕШТИ, КРЕЦЕШТИ, БУНЕШТИ, ГРОЗЕШТИ, ВАРЗАРЕШТИ, ЛОЗОВА, КАПРИЯНА үлкен қыстақтары мен БЫКОВЕЦ, КАЛАРАШ, ШИПОТЕНЬ, КРЕЦЕШТИ, ОЛТЕНЕШТИ, КРАСНА, МУНЧЕЛЬ, ХЭДЭУ-ЧЕШТИ, МИРЦЕШТИ, ТРАЯН, ПИСКУ, РУСУЛУЙ, ДАГЫЦА, ГАЛБЕНИЙ темір жол станцияларын ұрыспен алды. 24 августа майдан әскерлері дұшпанның 10 мыңнан аса солдатты мен офицерін қолға түсірді. Алдын-ала мәлімет бойынша, 2-УКРАИН майданының әскерлері ұрыс қыймылдары басталғаннан бері бес күнгі ұрыстарда дұшпанның 20 мыңнан аса солдатты мен офицерін қолға түсірді.

3-УКРАИН майданының әскерлері 2-УКРАИН майданы әскерлерінің шешуші көмегімен шеберлікпен орағыта әдіс және тікелей атака жасау нәтижесінде, 24 августа, Молдавия КСР-ның астанасы—КИШИНЕВ қаласын тікелей шабуылмен алды. 8-УКРАИН майданының әскерлері шабуылды күшейте отырып 250ден аса елді жерді, оның ішінде Молдавия КСР-ның СТРАШЕНИ, КАЙНАРИ, ЛОПУШНА, БАЙМАН-ЛИЯ, КАНГАЗ, ЧАДЫР ЛИНГА, ТАРАКЖИЯ аудан орталықтарын, КОЖУШКА, КУРДЕШТИ, ЯДОВЕНЫ, БУЖЕНЫ, ЧОРЫ, КАРПИЯНЫ, КУРГУЛУЙ, ФИЛИПЕНИ, ЕНИКЮЙ, БОРЧАК, КАБАНКИЯ, СЕДИОЛУ, ДЕЛЖЕР, БАЙРАМЧА, ЯРОСЛАВКА, КУЛЕВЧА, КАМЧИК, МИХАВЕНЬ, АКМАНГИТ, ВОЛОДОКАРЬ үлкен қыстақтары мен ЯРГОРА, ЗЛОТЬ, СТРАШЕНИ, РЕВАКА, МЕРЕНЫ, КУЛЕВЧА темір жол станцияларын ұрыспен алды. БЕЛГОРОД—ДНЕСТРОВСКИЙДІҢ (АККЕРМАН) батыс жағындағы ауданда найда әскерлері румындар мен немістердің әскер тобын қоршап алып, оны жойды. Бұл ауданда немістер мен румындардың 15 мыңнан аса солдатты мен офицері қолға түсірілді. Немістердің 9-жау әскер дивизиясының командирі генерал-майор Вернер Клепп қолға түсірілді. Алдын-ала мәлімет бойынша, 3-УКРАИН майданының әскерлері бес күнгі ұрыстарда дұшпанның 27 мыңдай солдатты мен офицерін қолға түсірді.

Майданның басқа учаскелерінде барлаушылардың іздестіруі және бірсыпыра жерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

23 августа әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 90 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 82 самоләті атып түсірілді.

АВИАЦИЯМЫЗДЫҢ ТИЛЬЗИТ ТЕМІР ЖОЛ ТОРАБЫНА ЕСЕЛЕП ШАБУЫЛ ЖАСАУЫ

24 августа қараған түнде алысқа ұша-тын авиациямыз Тильзит (Шығыс Фруссия) темір жол торабына еселеп шабуыл жасады. Бомбалау нәтижесінде 30 жерде ерт шықты. Дұшпанның әскер эшелондары, соғыс складтары мен станция құрылыстары өртенді. Темір жол торабының солтүстік-батыс жақ бөлегінде дұшпанның жанармай кұйылған үлкен ыдысы талқандалды.

Бомбалар дәл тиіп жүк қоятын орындарда өрт шықты. Бүкіл темір жол торабы бойына жайылған өрт ішінде күшті взрыв болды.

Екі самоләтіміз өздерінің базаларына қайтпады. 24 августа авиация барлауымыз Тильзит темір жол торабында түнде шыққан өрттің әлі жанып жатқандығын анықтады.

Тарту қаласының оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз кескілескен ұрыста дұшпанның жаяу әскер дивизиясын талқандап, тас жол және темір жол бойын бойлай алға басты, сөйтіп Тартудың таяу іргелеріне жетті. Немістердің қаланың оңтүстігіне қамал болған қорғану алаңында ұрыстар болып жатыр. Н. құрамасының бөлімдері бір күнде жаудың 800ден аса солдатты мен офицерін қырып, 34 зеңбірегі мен 40 минометін жойды.

Авиациямыз неміс әскерлерінің қатынас жолдарына соққы берді. Авиациямыз оқ жаудырып және шабуыл жасап жаудың 20 темір жол вагонын, 60 автомашинасын, жүк тиелген 70 ат-арбасын жойды. Әуе ұрыстарында немістердің 88 самоләті атып түсірілді.

Иелгава (Митава) қаласының оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның атактарын тойтарды. Бір учаскеде немістер жүздеген танктері мен өздігінен жүретін зеңбіректерін топтап оларды бір мезгілде ұрысқа шығарды. Барлаушыларымыз дұшпанның арам ниетін дер кезінде білді. Кеңестің танк бөлімдері дұшпанға нөсерлете оқ жаудырды, немістер орасан көп шығынға ұшырап кері шегінді. Дұшпанның басқа атактары да іске аспап калды.

3-Украин майданының әскерлері 2-Украин майданы әскерлерінің белсене көрсеткен көмегімен бүгін Кишинев қаласын тікелей шабуылмен алды. Кеңес бөлімдері дұшпанның қарсылығын жеңіп, Кишинев қаласының солтүстік-шығыс және шығыс жақ шет аймақтарына басып кірді. Дәл осы кезде танктеріміз бен моторлы жаяу әскерлеріміз қаланы оңтүстік жақтан орап алды. Жаппай тікелей шабуыл жасау нәтижесінде дұшпан талқандалды. Молдавия кеңестік Республикасының астанасы—Кишинев қаласы гитлершілдерден тазартылды. Белгород-Днестровский (Аккерман) қаласының батыс жағында танкшілеріміз бен жаяу әскерлеріміз дұшпанның қоршауда қалған әскер тобын жойды. Немістер мен румындардың еңсесі түскен мыңдаған солдаттары қаруын тастап қолға берілді. Тек бір құрамамыздың өзі жаудан 80 зеңбіректі, жүк тиелген 9 темір жол соңасты мен 2 мың атты қолға түсірді.

Немістердің 201-күзет дивизиясындағы 406-полктың әскерлеріміз қолға түсірген командирі подполковник Адольф Фон Папен Германияның Түркиядағы елшілік қызметін соңғы уақытқа дейін атқарған елшісі Франц Фон Паненнің немере інісі болып шықты. Қолға түсірілген подполковник Адольф Фон Папен мынаны айтты: «Лепель-төңірегінде полкім қоршауда қалды. Мен бірсыпыра солдаттар мен офицерлерді жыйнап, тоғай ішімен майдан шебінен өтуге әрекеттендім, бірақ бұл ойым іске аспай қалды. Отыратын бірсыпыра партизандарға қарсы айқаста талқандалды, көптеген солдаттар Березина тағы басқа өзендерге суға кетіп өлді. Қалған адамдарымыз орыстарға қолға берілді».

Өзінің сөзінен қортындысында қолға түсірілген подполковник Адольф Фон Папен мынаны мәлімдеді: «Шыққан тегім Германияның ақ сүйектеріне жатады. Мен үнемі офицерлер арасында болдым және олардың ой-пікірінің қандай екендігін білемін. Кеңестер Одағына қарсы Гитлер соғыс бастап, неміс армиясы шығысқа қарай әлде қайда алға басқан кезде офицерлер арасында ұйымшылдық бар секілді еді. Кейінірек неміс әскерлері шығыс майданда үлкен жеңілістерге ұшырап, Германияның соғыста толық талқандалу хауып ахикаттыққа айналған кезде бұрынғы ұйымшылдық әлсіз, нашар болып шықты. Әскери тағдырға жағыман және жасы жағынанда ұлғайған көп офицерлер Гитлерге риза емес екендігін үнемі айтып жүрді. Мұны маған таныс генералдардың Гитлер жөнінде айтқан қысқаша бірақ өткір және түсінікті сөздерінен қортынды шығарып дәлелдеуге болады. Гиммлер жөнінде айтқанда мынаны мәлімдеуге болады. Бұл неміс армиясына нағыз жек көрінішті адам Гиммлерді барлық офицерлер жек көреді, оны қасының деп атайды. Гиммлердің жана қызметке тағайындалуына армиядағы адамдардың барлығы, ескерлердің жана қызметке тағайындалғандары орыстарға қолға түскеннен кейін білдім. Гитлер мен Гиммлер неміс армиясын аяқтан құтқара алмайтындығын офицерлер жақсы біледі. Германия жеңеді дегенге сенбеуіміз. Мен соғыста Германияның сөзсіз ұтылатындығына сенемін. Менің пікірімше герман армиясының сақталуы мүмкін емес».

Жоғарғы Бас қолбасшының Бұйрығы

Армия генералы ТОЛБУХИНГЕ
Армия генералы МАЛИНОВСКИЙГЕ

3-УКРАИН майданының әскерлері 2-УКРАИН майданы әскерлерінің шешуші көмегімен шеберлікпен орағыта әдіс және тікелей атака жасау нәтижесінде, бүгін, 24 августа, дұшпанның маңызды қатынас жолдарының торабы, қорғану шебінің қуатты тіректі бекінісі, Молдавия КСР-ның астанасы—КИШИНЕВ қаласын тікелей шабуылмен алды.

КИШИНЕВ қаласын алу ұрыстарында генерал-лейтенант БЕРЗАРИННИҢ, генерал-лейтенант ГАЛАНИННИҢ, генерал-лейтенант КОРОТЕЕВТИҢ, генерал-майор ФИРСОВТЫҢ, генерал-майор ЖЕРЕБИННИҢ, генерал-майор ЛАТЫШЕВНИҢ, генерал-майор БИРЮКОВТИҢ, генерал-майор СЕРЮГИННИҢ, полковник ОСТАЦКИЙДИҢ, генерал-майор СОКОЛОВТИҢ, генерал-майор СЫЗРАНОВТИҢ, полковник ФОМИЧЕНКОНЫҢ, генерал-майор ФЕДОРОВСКИЙДИҢ, полковник ХИЛЬЧЕВСКИЙДИҢ, полковник ФРОЛОВТИҢ, полковник АФОНИННИҢ, генерал-майор ЦВЕТКОВТИҢ, полковник ЧИЖОВТИҢ, генерал-майор БУНЯНИННИҢ әскерлері, артиллерия генерал-майоры КОСЕНКОНЫҢ, генерал-майор ПИКАЛОННЫҢ, полковник ПАВЛОВТИҢ, полковник СОКОЛОВТИҢ, полковник КЛИМЕНКОВТИҢ зеңбірекшілері, танк әскерлерінің генерал-майоры ПОЛОЗКОВТИҢ, полковник АНИСИМОВТИҢ, полковник ТЯГЛОВТИҢ, полковник АНДРЕЕВТИҢ танкшілері, авиация генерал-полковнигі СУДЕЦТИҢ, авиация генерал-полковнигі ГОРЮНОВТИҢ ұшқыштары, полковник ФУРСАННИҢ, полковник МАЛОВТИҢ, полковник ЧЕВЫЧЕЛОВТИҢ саперлері, полковник ФАЛИННИҢ, подполковник СУХИХТИҢ байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне КИШИНЕВ қаласын алу ұрыстарында ең зор еңбегіне көзге түскен құрамалар мен бөлімдер «КИШИНЕВ» атағын беруге ене ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 24 августа, 22 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА үш жүз айырма төрт зеңбіректен жыйырма төрт дүркін артиллерия оғын атып, КИШИНЕВ қаласын алған 3-және 2-УКРАИН майдандарының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

КИШИНЕВТИ азат ету ұрыстарына қатысқан Сіздердің басқаруыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС АРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан тырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншылар құртылсын!

ЖОҒАРҒЫ БАС ҚОЛБАСШЫ
КЕҢЕСТЕР ОДАҒЫНЫҢ МАРШАЛЫ И. СТАЛИН.

1944 жылғы 24 август.

Жоғарғы Бас қолбасшының Бұйрығы

Армия генералы МАЛИНОВСКИЙГЕ

2-УКРАИН майданының әскерлері танк құрамаларының, атты және жаяу әскерлердің қауырға шабуыл жасауы нәтижесінде ЯСЫНЫҢ оңтүстік жағында дұшпанның әскер тобын талқандап, бүгін, 24 августа, дұшпанның қорғану шебінің стратегиялық маңызды тіректі бекіністері, Румынияның ортақ аудандарына баратын жолдарға қамал болған—РОМАН, БАКЭУ, БЫРЛАД және ХУШИ қалаларын алды.

РОМАН, БАКЭУ, БЫРЛАД және ХУШИ қалаларын алу ұрыстарында әскерлерінің генерал-полковнигі КУРКИНИҢ, танк әскерлерінің генерал-лейтенанты КРАВЧЕНКОНЫҢ, танк әскерлерінің генерал-лейтенанты АЛЕКСЕЕВТИҢ, танк әскерлерінің генерал-майоры АХМАНОВТИҢ, полковник ЛЫСИННИҢ, полковник БЕЗНОЩЕНКОНЫҢ, полковник ШТАНЬКОНЫҢ, полковник УТОВТИҢ, полковник ОСАДЧИЙДИҢ, полковник РЕШЕТНИКОВТИҢ, полковник ЧУНИХИННИҢ, полковник ХВАТОВТИҢ, подполковник ИВЛИЕВТИҢ, подполковник КОВАЛЕВТИҢ, подполковник ПАВЛОВСКИЙДИҢ, подполковник ШЕЙКИННИҢ, полковник ОБДАЛЕНКОВТИҢ, полковник ОСТАПЕНКОНЫҢ, подполковник АНТОНОВТИҢ, подполковник ТИТАРЕНКОНЫҢ, майор РОМАНЕНКОНЫҢ, майор ПОПОВТИҢ танкшілері; генерал-майор ГОРШКОВТИҢ, генерал-майор СЛАНОВТИҢ, генерал-майор ГРИГОРОВИЧТИҢ, генерал-майор УТОВСКИХТИҢ ДОН казактарынан құралған атты әскерлері, генерал-полковник ШУМИЛОВТИҢ, генерал-лейтенант ТРОФИМЕНКОНЫҢ, генерал-лейтенант КОРОТЕЕВТИҢ, генерал-майор ФОМЕНКОНЫҢ, генерал-майор МАРТИСЯННИҢ, генерал-майор АВДЕЕНКОНЫҢ, генерал-майор САФИУЛИННИҢ, генерал-лейтенант ГОРЯЧЕВТИҢ, генерал-майор ДЖАХУДЫҢ, генерал-майор ОСЕВТИҢ, генерал-майор СМРНОВТИҢ, генерал-майор МОРОЗОВТИҢ, генерал-майор ЛИЛЕНКОВТИҢ, генерал-майор КИНДЮХИННИҢ, полковник ОШЛЯКТИҢ, полковник ПУТЕЙКОНЫҢ, полковник ПЕРЕПЕЛИЦАНЫҢ, полковник ОБУЩЕНКОНЫҢ, полковник ВАСИЛЕВСКИЙДИҢ, полковник КОНЕВТИҢ керлері; артиллерия генерал-полковнигі ФОМИНИҢ, артиллерия генерал-майоры ШМАКОВТИҢ, артиллерия генерал-майоры ПЕТРОВТИҢ, артиллерия генерал-майоры ГУСЕВТИҢ, артиллерия генерал-майоры ЛЕБЕДЕВТИҢ, полковник СИНИЦЫННИҢ, полковник НОВГОРОДСКИЙДИҢ зеңбірекшілері; авиация-генерал-полковнигі ГОРЮНОВТИҢ ұшқыштары; инженерлік әскерлердің генерал-майоры ЦИРЛИННИҢ, генерал-майор ПЛЯСКИННИҢ, полковник НАСОНОВТИҢ, полковник ФАДЕЕВТИҢ, подполковник ГОЛУКОВИЧТИҢ, подполковник РЖОВТИҢ саперлері; полковник БОРИСЕНКОНЫҢ, полковник ДРОБДЯННИҢ, подполковник СТРЕЛЕЦКИЙДИҢ байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне РОМАН, БАКЭУ, БЫРЛАД және ХУШИ қалаларын алу ұрыстарында өте зор еңбегіне көзге түскен құрамалар мен бөлімдер дендер мен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 24 августа, 23 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА екі жүз айырма төрт зеңбіректен жыйырма дүркін артиллерия оғын атып, РОМАН, БАКЭУ, БЫРЛАД және ХУШИ қалаларын алған 2-УКРАИН майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

РОМАН, БАКЭУ, БЫРЛАД және ХУШИ қалаларын азат ету ұрыстары-қатысқан Сіздің басқаруыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан тырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншылар құртылсын!

ЖОҒАРҒЫ БАС ҚОЛБАСШЫ
КЕҢЕСТЕР ОДАҒЫНЫҢ МАРШАЛЫ И. СТАЛИН.

1944 жылғы 24 август.

ЕГІНДІ ДЕР КЕЗІНДЕ ЫСРАПСЫЗ ЖЫЙНАУ—БҮКІЛ ХАЛЫҚТЫҚ ІС

Облысымыздың егін даласында

Облыстық жер бөлімінің мәліметі бойынша 24 августқа дейін облыс колхоздарында егін жыйнау жоспары 30,3 процент орындалды. Егін орудың соңғы күнгі өсім—2940 гектар болды.

Егін жыйнауда Мамлют ауданы алда келеді. Мұнда егіннің 37,5 проценті жыйналды. Екінші орындағы Соколов ауданында жоспар 35,7 процент орындалды. Егін жыйнау жоспарының орындалуы Петропавл ауданында 35 процентке, Полудень ауданында 34 процентке және Ленин ауданында 30

процентке жетті.

Егін жыйнау жұмысы Совет, Приешім, Преснов аудандарында кешіргісіз баяу. Совет ауданында егіннің 22 проценті ғана орындалды, ал егін орудың жөніндегі бір күнгі өсім—56 гектар ғана болды.

Қазіргі ең басты міндет—еңбекті дұрыс ұйымдастырып, егін жыйнауға барлық комбайндарды, лобогрейкаларды, қолшалғыларды және орақтарды түгел қосып, олардың тәулік бойы жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып саналады.

Мемлекетке астық тапсыру кешеуілдемесін

МАМЛЮТҚА. (Өз тілшімізден). Мамлют ауданының алдыңғы қатарлы ауыл шаруашылық артельдері қазір мемлекетке астық тапсыру жұмысын кең өрістетіп отыр. Бұл колхоздардың мүшелері бітік шыққан егінді ысырапсыз жыйнау күресіне қолда бар күш-мүмкіншілікті толық пайдаланып, мемлекет алдындағы бірінші парызды мұлтисіз орындауға жұмылуда.

Интернациональ МТСның қамтуындағы «Свободный труд» ауыл шаруашылық артельінің колхозшылары мен колхозшы әйелдері егін жыйнауға тыңғылықты әзірленіп, егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыруды ойдағыдай өткізуге жаппай жұмылды. Барлық лобогрейкалар мен комбайн егін жыйнауға қосылды. Жұмыс шын мәнінде егін жыйнау алдында жасалған жоспар бойынша ұйымдастырылды. Осының нәтижесінде бұл колхоз қара бидай егінің жыйнауды ауданда бірінші болып аяқтап, мемлекетке 700 пұттан аса сапалы астық тапсырды.

Егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру «Красная нива» және «Завет Ильича» ауыл шаруашылық артельдерінде де үлгілі ұйымдастырылды. «Красная нива» колхозы мемлекетке қазірдің өзінде 5000 пұттан аса астық тапсырды.

Күздік егісті кешеуілдетіп отыр

Күздік егісті неғұрлым ерте, агротехника жағынан жоғары өткізсе, одан мол өнім алынатындығы тәжірибеден айқын көрініп отыр. Демек, өткен жылы күздік егісті ерте ескен колхоздарда бұйыл оның әрбір гектарынан 12—15 центнер өнім алынды.

Петропавл ауданының колхоздары бұйыл күздік егісті 5 августа бастап, оны 20 жұмыс күнінде аяқтауға тиіс еді. Аудан колхоздарының күздік егісті бастағанынан бері 15 күндей мерзім өтті. Алайда, күздік егуге жоспарының осы уақытқа дейін 27 проценті ғана орындалды. Егер, күздік егуге жұмысы осы қарқынмен жүргізілсе, жоспарды толық орындап шығу үшін кем дегенде біржарым ай уақыт керек. Ал, күздік егіс егуге жұмысын кешеуілдету—келесі жылы одан мол өнім ала алмау деген сөз.

—«Коминтерн», «Земледелец» және Калинин атындағы колхоздар күздік егісті табыспен жүргізіп, келеді,—дейді аудандық жер бөлімінің үлкен агрономы Нимников жолдас. Сондағысы—бұл колхоздардың бірде-бірі күздік егіс жоспарының әлі 50 процентін де орындаған жоқ. «Белсенді» (председателі Сүлейменов жолдас), Жамбыл атындағы (председателі Мұқанов жол-

дас) және «Красный маяк» ауыл шаруашылық артельдерінің осы күнге дейін күздік егіс егуге кіріспегеніне жер бөлімінің бастығы Егоров және үлкен агроном Нимников жолдасар зәредей болса да қыңжылмайтын көрінеді. Олар тек ғана істелген істі жыйнақтап, оны қағазға тіркеумен шұғылданып отыр.

Аудан колхоздарында 2000 гектар даяр жер бар. Күздік егуге үшін 24 трактор және 35 көлік саяласы жұмысқа қосылу керек. Бірақ, бұл іс жүзеге асырылмай келеді.

Қолда бар мүмкіншіліктердің күздік егуге толық пайдаланылмауын жер бөлімінің басшылары: «ең әуелі егінді жыйнап алайық, мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындап, шығайық, содан кейін күздік егіміз»,—деп дәлелдейді.

Барлық ауыл шаруашылық жұмыстарын ұштастыра жүргізу үшін еңбекті тыңғылықты ұйымдастыру керектігін, сонымен ауыл шаруашылық жұмыстарын кезекке қойып кешеуілдетуге болмайтындығын жер бөлімінің басшылары қашан ұғар екен?

Ж. ОСПАНОВ.

Зябь жыртуда артта қалды

Приешім ауданының Өрнек ауыл кеңесіндегі колхоздарда бұйыл 2000 гектар зябь жыртылуда тиіс еді. Бірақ осы күнге дейін небары 58 гектар ғана зябь жыртылды. Трактор жүрмейді деген дәлел айтады колхоз басшылары. Рас, трактор жүрмейді. «Жекекөл» колхозында 2 трактор және «Өрнек» колхозында бір трактор жаз бойы

на тоқтап тұрды. Бұларды жүргізу жөнінде МТС директоры Козура жолдас айтарлықтай ешден істеген жоқ.

«Трактор жүрмейді» деген бөгде себепті бетке ұстап, арқаны кеңге салуға болмайтынын бұл колхоздардың басшылары түсінуге тиіс.

Е. БИМЕНДЕ.

МАЛДЫ КОЛХОЗДАР

БОГОЛЮБОВО. (Өз тілшімізден). Приешім ауданындағы «Өрнек» ауыл шаруашылық артели (председателі Қоңғұлов жолдас) малды колхоздың бірі. Мұнда бұйыл мал өсірудің мемлекеттік жоспары барлық түліктен толық орындалды. Колхозда 89 қара мал, 175 қой-ешкі, 13 жылқы бар.

Мал өсірудің мемлекеттік жоспарын орындағандардың бірі—«Октябрь» ауыл шаруашылық артели. Бұл колхоз қара мал, жылқы және қой-ешкі өсіруде едәуір табыстарға жетті.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

ЕТ ТАПСЫРУ ЖОСПАРЫ ОРЫНДАЛДЫ

Бес майданның әкесі Горбыль жолдас басқарған «Гигант» ауыл шаруашылық артели (Булаев ауданы) мемлекетке ет тапсыру жоспарын толық орындады. Мемлекетке 1147 пұт, ал Қызыл Армия қорына 135 пұт ет тапсырылды.

Мемлекетке ет тапсыру жөніндегі жылдық жоспарды Буденный атындағы ауыл шаруашылық артели де (председателі Горбатый жолдас) толық орындап шықты.

Г. ШӘРІПОВ.

КСРО Сыртқы Істер Халық Комиссариатының мәлімдемесі

Кеңес үкметі, Румынияда болған оқиғаға байланысты, Кеңестер Одағының Румыния жерінің қандай бөлігін болса да иемдену немесе Румыниядағы қазіргі қоғамдық құрылысты өзгерту және оның тәуелсіздігіне қандай ғана болса да нұқсан келтіру мақсатын көздемейтіндігі жөніндегі өзінің осы жылғы апрельде жасаған мәлімдемесін тағы да еске салуды мақұл деп табады. Мұнымен қатар, кеңес үкметі, Румынияны неміс-фашист тепкісінен азат ету арқылы румындармен бірлесе отырып, Румынияның тәуелсіздігін қалпына келтіруді хажет деп есептейді.

Кеңес Жоғарғы Командованиесі егер румын әскерлері Қызыл Армия әскерлеріне қарсы соғыс әрекетін тоқтататын болса және Румынияның тәуелсіздігі үшін немістерге қарсы немесе Трансильванияны азат ету

үшін венгерлерге қарсы Қызыл Армиямен қол ұстаса отырып азаттық соғысын жүргізуге міндеттенетін болса, онда Қызыл Армия оларды қарусыздандырмайды, олардың барлық қару-жарағын түгел өздерінде қалдырады және олардың бұл ардақты міндетті орындауына барлық жағынан көмектеседі деп есептейді.

Бірақ, Қызыл Армия Румыния жерінде соғыс қыймылдарын румын халқын езір, құлдану әрекетін жүргізуші Румыниядағы неміс әскерлерін жойып болғаннан кейін ғана тоқтата алады.

Неміс әскерлерін жою ісінде Қызыл Армия әскерлеріне румын әскерлерінің көмектесуі Румыния жерінде соғыс қыймылдарының тез арада тоқтатылып, Румынияның одақтастармен уақытша бітім жасауына негізгі құрал болып саналады.

Одақтастардың Еуропадағы әскерлерінің жоғарғы командованиесі штабының хабарлары

ЛОНДОН, 23 август. (ТАСС). Одақтастардың Еуропадағы әскерлерінің жоғарғы командованиесі штабының 23 августағы хабарында былай делінген:

Одақтастар әскерлері Сан, Питивье, Этамп және Нонанкур қалаларын азат етті. Әскерлеріміз Лизеде ұрыс жүргізіп жатыр. Бұл қаланың солтүстік жағында әскерлеріміз бүкіл майдан шебі бойында алға ілгерілеп, жағалауда бірсыпыра қыстақтарды алды, сөйтіп Трувилль мен Пон Л'Эвек е жетті. Гаседен шабуыл жасай отырып, әскерлеріміз Легльді алды. Фалез ауданында жаудың қоршауда қалған әскерлері жойылды.

Одақтастар авиациясы дұшпанның соғыс орындарына соққы беруде болды.

ЛОНДОН, 24 август. (ТАСС). Одақтастардың Еуропадағы әскерлерінің жоғарғы командованиесі штабының бүгін жарияланған хабарында былай делінген:

«Париждің оңтүстік-шығыс жағында одақтастар әскерлері Корбейля мен Меленнің іргесіне жетті. Француздың екінші

бронетанк дивизиясы Парижге келіп кірді. Солтүстік бағытта алға басқан одақтастар әскерлері Эврені жаудан азат етіп, қазір бұл қаладан бірнеше миль жерде тұр. Монненің солтүстік-шығыс жағында одақтастар әскерлері 5 миль алға басты. Тук өзеніндегі өткел аузында бірнеше бекініс жасалды.

Қаланың шығыс жақ аймағындағы күшті шепті дұшпан алып тұрған Лизье ауданында ұрыстар болып жатыр. Пон-Л'Эвек ауданында су шебінен өтіп жатқан бөлімдерімізге дұшпан қатты қарсылық көрсетуде.

Одақтастар әскерлері Сена бойында солтүстік бағытта алға баса отырып Эльбер, Лизье, Небор қалаларын алды, сөйтіп Фонтенлонын солтүстік және оңтүстік жағында Сенадан өтті. Мо ауданында америка бөлімдері Марна өзеніне жетті.

Одақтастар авиациясы жаудың қатынас жолдары мен транспортты бомбалаумен болды. Дұшпанның 500ден аса автомашинасы жойылды, 15 өзен баржасы суға батырылды.

Одақтастардың Орта теңіз соғыс майданындағы әскерлері штабының хабары

ЛОНДОН, 23 август. (ТАСС). Одақтастардың Орта теңіз соғыс майданындағы әскерлері штабының хабарында, майданның Адриатик учаскесінде одақтастардың күзет әскерлерінің көп жерде Метауро өзенінің оңтүстік жағалауына жеткендігі айтылған. Сан-Джорджос-де-Пезароның оңтүстік-батыс жағындағы таулы ауданда одақтастар әскерлері көп жерде үш мильдей алға ілгеріледі.

7-армияның америка бөлімдері әскер түсірілген жерден оңтүстік Францияға, тікелей солтүстікке қарай 140 нильдей алға ілгерілеп, Гренобль қаласына келіп кірді. Олар француздың ел ішінде қарсылық жасаушы әскерлерінің ойдағыдай көмектесуімен қыймылды жасады. Шабуыл жолында Динь, Систерон, Аспре, Гап, Сен-Бонне және Аржантер қалалары алынды. Француз әскерлері қатты ұрыстардан кейін Мерді алып, шығыс жақтан Тулонның өзінде француз әскерлері өздерінің жағдайын жақсартып, порт ауданына қарай ілгеріледі. Кең майданда Марсельді қоршап алу үшін ұрыс қыймылдары жүргізіліп жатыр. Жаудан 17 мыңнан аса адам қолға түсірілді.

22 августа ауыр бомбардировщиктердің ірі құрамалары истребительдердің жәрдемімен Сицилия мен Австрияның мұнай өнеркәсіп орындарына шабуыл жасады. Оңтүстік Франциядағы жер бетіндегі әскерлердің ұрыс қыймылдарына жәрдемдесе отырып, одақтастар авиациясы жаудың қатынас жолдарымен шоғырланған әскерлеріне шабуыл жасады. Самолеттердің екінші бір топтары Солтүстік Италия мен Югославиядағы тас жолдар мен темір жолдар бойындағы соғыс орындарына шабуыл жасады.

ЛОНДОН, 24 август. (ТАСС). Одақтастардың Орта теңіз соғыс майданындағы әскерлері штабының хабарында былай делінген:

Поркэроль аралының гарнизоны америка крейсерлерінің экипаждарына қолға берілді. Аралда жаудан 200ден аса адам қолға түсірілді.

Адриатик секторында ағылшынның 8-армиясының бөлімдері Метауро жағалауына бекініп, жағалаудан 12 миль жердегі өзеннің сол жақ жағалауында жаудың күшті қорғану шебінде едәуір алға басып, өзеннің екі жақ бетінде де бірсыпыра маңызды бекіністерді алды.

7-армияның секторында француз әскерлері Марсельді алып, жаудан едәуір адамды қолға түсірді.

Тулонда көше ұрыстары болып жатыр. Қаланың бірсыпыра бөлімі одақтастардың қолында.

Марсельдің солтүстік-батыс жағында одақтастар әскерлері Роны өзенінің бойында 27 миль алға басып, Салонды алды.

Одақтастар авиациясы жаудың оңтүстік Франциядағы, солтүстік Италиядағы, Югославия мен Грециядағы соғыс орындарына шабуыл жасады.

Вена ауданындағы мұнай ағызатын заводтар мен аэродромдар да бомбаланды. Өуе ұрыстарында жаудың 45 самоләті атып түсірілді. Одақтастар авиациясы 29 машинасынан айырылды.

ЛОНДОН, 24 август. (ТАСС). Баспасөздің хабары бойынша, одақтастар әскерлері жедел алға басып, француздың ел ішіндегі қарулы күштерінің бөлімдеріне қосылды, сөйтіп Бордоны алды.

Америка әскерлері Швейцария шекарасына жетті.

Француздың ел ішіндегі қарулы күштері Перпиньянды алды.

Немістер Франко-Испания шекарасының өн бойынан көшіп кетті.

Румынияның жаңа үкметі

ЛОНДОН, 23 август. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, Румынияда генерал Константин Санатеску басқарған жаңа үкмет құрылғандығын Бухарест радиосы бүгін кешке хабар етті. Жаңа үкметтің қатарына Братиану мен Маниу кірген.

Жауапты редактор

Ө. ОСПАНОВ.

Совхоздардың құрылыс жұмысында істеуге: рораб, десятник, түрлі маман жұмысшылар, кеңседе жұмыс істеу үшін есепші КЕРЕК.

Адресі: Петропавл қаласы, Петренев көшесі № 65 Совхозстрой конторы.